

Атырау облысының облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының индекстерінің атауларын бекіту туралы

Күшін жойған

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 шілдедегі № 221 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 тамызда № 3280 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 17 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 22.01.2016 № 17 қаулысымен (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 13-бабының 1-1-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27, 37-баптарына сәйкес Атырау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Атырау облысының облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының индекстерінің атаулары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

"Атырау облысы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын

Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары Т.Ә. Шәкімовке жүктелсін.

Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Ізмұхамбетов

"КЕЛІСІЛДІ"

*Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрлігі Автомобиль жолдары
комитетінің төрағасы*

М. Пішембаев

"17" шілде 2015 жыл

Атырау облысының облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының индекстерінің атаулары

№	Автомобиль жолдары		
	Индекс	Атауы	Ұзақтығы (шақырым)
1.	KE-1	"Атырау-Индер"	164,4
2.	KE-2	Махамбет селосына кірме жол	1,4
3.	KE-3	Индербор кентіне кірме жол	7,1
4.	KE-4	Мақат кентіне кірме жол	9,5
5.	KE-5	Аққыстау селосына кірме жол	0,8
6.	KE-6	Ганюшкин селосына кірме жол	1,1
7.	KE-7	"7 разъезд-Асан-Азғыр-Сүйіндік-Балқұдық-РФ шекарасы"	282,0
8.	KE-8	"Ганюшкино-Приморье-Утеры-Котяев"	47,0
9.	KE-9	"Индер-Карабау-Миялы-Сагиз"	324,5
10.	KE-10	"Кұлсары-Мұқыр"	135,2
		Барлығы:	973,00